

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті



« БЕКТЕМІН »

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік
Қазақстан педагогикалық университетінің
Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму
және әлеуметтік істер жөніндегі проректор
Б.Қ. Исабек
« _____ » _____ 2024 ж.

2023-2024 оқу жылында Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің жылдық есебі

1. 2023-2024 оқу жылы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-де тәрбие және әлеуметтік жұмыстарды жүргізу бойынша ұйымдастырушылық және жоспарлау бағыттарында атқарылған жұмыстар.

6.1 Университет, факультет пен кафедра бойынша топтарда өткізілген тәлім-тәрбиелік іс-шаралар жайлы мәлімет (мазмұны мен формасы туралы).

«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті» КеАҚ ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің 2023 жылдың 1 тамызындағы №377 бұйрығына сай Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті КеАҚ айналды.

2023-2024 оқу жылында университеттегі тәрбие және әлеуметтік мәселелер бойынша негізгі жұмыстарды Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті ЖОО-ның басқа да құрылымдық бөлімдерімен бірлесе отырып жүзеге асырды.

Оқу жылы басында университеттің тәрбие жұмыстарының жылдық жұмыс жоспары түзіліп, университеттің ҒК (31.08.2023 ж.) бекітілді. Сол жоспарға сәйкес барлық тәрбие құрылымдарының (*тәрбие департаментіне қарасты бөлімдер, факультеттер мен кафедралар*) оқу жылындағы жоспарлары түзіліп бекітілді. Тәрбие жұмысы жоспарларын түзуде негізінен назарды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды жастар бойына сіңіруге аударылды. Соның ішінде тәрбиелік жұмыстарда ең алдымен мемлекетшілдік, отанды сүю, қоғамдық сананы жоғары деңгейге көтеру мақсатында «Адал азамат, «Толық адам» идеялары мен Алаш ардақтысы Ә.Бөкейханов айтқандай «*Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден*» деген ұлттық мінезді тәрбиелеу бойынша қағидағтар басты назарда болды. Білім алушылардың әлеуметтік мәселелерімен толық танысу, соған сай оларға жайлы жағдай туғызу, олардың мұқтаждықтарын барынша заң аясында «қанаттандыру» бағытында жұмыстар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылының 1 қыркүйек айына университеттегі жалпы білім алушылар саны - 7571 болды. Оның ішінде бакалавриат бойынша 7097 (грантта 3311, ақылыда-3786), магистратурада -431 (оның гранты-362, ақылы-69) және докторантура бойынша 43 (оның гранты-41, ақылы-2) білім алушымен тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Олардың арасында 186 шетелдік студенттер бар (Өзбекстан Республикасы -184; Үндістан-1, Ресей-1) . Жалпы алғанда оқу жылының 1 жартысында мемлекеттік гранттағы-3714, ақылы бөлімдегі 3857 білім алушы тәрбие жұмыстарына тартылды.

Қысқы сессия қорытындылары мен студенттердің денсаулық, отбасы жағдайларына байланысты академиялық демалысқа шығуы, өзге ЖОО-на ауысуы, білім алушының университетпен білім беру келісім шартындағы талаптарды (оның ішінде ішкі тәртіп ережелерін сақтамауы) орындамауына байланысты оқудан шығарылғандарын қоса есептегенде 2024 жылдың 1 маусым күніне ЖОО-да жалпы саны 7205 білім алушыны құрады. Оның ішінде мемлекеттік гранттағы-3797, акылы бөлімдегі 3408 білім алушымен тәрбие жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде, бакалавриат бойынша 6741 (грантта 3393, акылыда-3348), магистратурада -372 (оның гранты-336, акылы-36) және докторантура бойынша 52 (оның гранты-46, акылы-6) білім алушы бар. Оларға қосымша педагогикалық қайта даярлау-18 (оның бәрі акылы-18), тілдік дайындық-22 (оның бәрі грант-22) білім алушыны да тәрбиелік шараларға тарту күнтізбесінде тұр. Жалпы алғанда 156 шетелдік студенттер бар (Өзбекстан Республикасы -154 студент бакалавриатта, Үндістан-1 (докторант), Ресей-1 (Филология факультеті бакалавриат студенті)).

Аталған оқу жылында жалпы факультеттер бойынша бакалавриаттағы білім алушылар оқу топтарына бөлініп, ол топтарға топ тәлімгерлері бекітілді. Білім алушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, оқу топтарының жылдық тәрбие жұмысы жоспарлары түзіліп, деканаттар тарапынан бекітілді (*қараңыз 1 кесте*). Оқу жылының барысында 59 студентке жеңілдік тағайындалды, 48 білімгерге оқу акысынан 30% жеңілдік тағайындалса, 11 түл жетім білімгерге оқу акысынан 100% жеңілдік тағайындалды. Сонымен қатар, оқу жылының барысында 4 білім алушыға ректор гранты тағайындалды. Оның 2-і оқу ордамызды тандаған, ҰБТ бағлы 100-ден жоғары, мемлекеттік білім грантын иеленбеген «Алтын белгі» иегерлері, 1 студентке ағасы 2022 жылғы Қантар оқитасында қайтыс болуына байланысты, 1 студентке республикалық айтты сайыстарының жүлдегері (*Сауірхан Сұлтан – филология факультеті, 1 курс студенті*) болғандықтан Ғылыми кеңес шешімдерімен ректор гранттары тағайындалды.

Оқу жылының басында әлеуметтік көмекке мұқтаж білімгерлерді жатақханамен қамтуда алғашқы кезектер қарастырылды. ЖОО Ғылыми Кеңесі, Ректораты және Факультеттер тарапынан да олардың әлеуметтік мұқтаждықтарына үнемі назар аударылып отырды.

ҚР ЖОО арасында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ жатақханамен студенттерді толықтай орынмен қамтыған бірден бір оқу орны. Биылғы оқу жылында жалпы жатақханадағы орындар саны - 2015 құрады. 2023-2024 оқу жылында мемлекет және жекеменшік серіктестік аясында 2 жана жатақхана ашылды. 2023 жылы тамызда 500 Ф7.01-04

орындық студенттер үй мемлекет және жекеменшік әріптестік арқылы (InterPress ВК компаниясы) қолданысқа енгізілді. Оқу жылы басында Platonus LMS жүйесі өтініштер қабылданып, 100% өтініштер өңделіп, 1638 студент жатақханамен қамтылды. Жатақханаларда 15 тұл жетім, 24 студент мүгедектігі бойынша 100%-50% жеңілдіктер алды. 1 тұл жетім білім алушы (*Сулэймен Олжас – физика-математика факультеті 1 курс студенті*) өз еркімен мемлекет-жекеменшік серіктестік аясында пайдалануға берілген №3 жатақханадан орын алды.

06.05.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да екінші жаңа студенттер үйі ашылды. Салтанатты шараға Басқарма төрағасы-Ректор Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы бастаған университет ұжымы, студенттер мен БАҚ өкілдері қатысты. Мерекелік іс-шараға Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің Қоғамдық кәсіптер дарлау орталығына қарасты «Айғыс» үйірмесінің мүшесі, филология факультетінің білім алушысы, жас айтыскер Сұлтан Сәуірхан арнауын айтып, «Ақбаян» сән театрының студенттері ұйымдастыру жұмыстарына белсене атсалысты.



1 КЕСТЕ.

Р/с	Факультет бойынша	ОҚПУ бойынша оқу топтарын	Оқу топтарына бекітілген топ	Студенттердің арасында әлеуметтік қолдауды қажет	Тұл жетім және жартыл	Мүгедек білім алушылар саны	Орамал тартатын немесе хиджаб

	ын жалпы саны (бакалавр иат)	тәлімгерлерінің жалпы саны	етегіндердің жалпы саны	ай жетім		киетін студенттер саны	
1	Физика - математика	48	29	3	3 / 61	4	14
2	Жаратылыстану	57	35	4	4 / 40	10	11
3	Филология	106	51	48	19 / 166	16	57
4	Тарих және педагогика	74	46	2	8 / 90	16	(31)27
5	Өнер және білім	43	38	4	5 / 15	19	13
6	Дене шынықтыру және спорт	56	27	43	33 / 101	10	4
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	384	226	104	72 / 473	75	126

6.2 Азаматтық және патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде студенттердің өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі.

Студенттер арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту бағытында жұмыстар 2023-2024 оқу жылында да қарқынды жалғасты. Университеттің қолдауымен аймақтық, қалалық, университетшілік 7 пікірсайыс турнир ұйымдастырылды. Түрлі деңгейдегі 10 пікірсайыс турнирде «Болашақ» орталығының мүшелері төрешілік және ұйымдастыру жұмыстарына атсалысты. Оқу жылының барысында пікірсайысшылар 19 жүлделі орындар иеленді. «Болашақ» пікірсайыс орталығы 2023-2024 оқу жылында жетекшілік ететін мектептердің санын 18-ге ұлғайтып, қосымша кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуде. «Болашақ мектеп лигасы» жобасы аясында 70 спикер 83 түрлі деңгейдегі жүлделер иеленді. Platonus LMS-тегі Студенттік бірлестіктер, Интегралды GPA модульдары арқылы студенттер университеттің студенттік өзін-өзі ұйымдарымен кенінен таныса алды. Қоғамдық қызметке, оның ішінде студенттердің өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушылардың үлесі 18% құрады.

6.3 Бiлiм деңгейi бойынша бiлiм алушылардың жалпы санынан волонтерлiк кызметпен айналысатын студенттердiң үлесi.

2023-2024 оқу жылында 50-ге жуық түрлi волонтерлiк iс-шаралар ұйымдастырылды. Шымкент IT Hub-пен бiрiккен цифрлық даму, жасанды интеллект, цифрлы маркетинг туралы, стартап жобаларды және әлеуметтiк жобаларды құру және басқару жөнiнде бiрқатар лекциялар ұйымдастырылды. Жалпы алғанда Волонтерлiк кызметпен айналысатын студенттердiң үлесi университет бiлiм алушыларының 16% құрады. Соның iшiнде Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментiнiң бөлiмдерi бойынша атқарылған жұмыстар қала, республика деңгейлерiндегi iс-шаралармен көбiрек ерекшеленсе, факультеттерде осы бағыттағы жұмыстардың да жандана түскенiн атап көрсеткен жөн. Аталған департамент бөлiмдерi мен факультеттердiң бiрлесе атқарған ерiктiлiк кызмет бағытындағы өткен iс-шаралардың қысқаша мазмұны төмендегi кестеде берiлген.

№	Ис-шара атауы	Орындалу мерзiмi	Жауапты тұлғалар	Қамтылған контингент	Қосымша ақпарат
1	“№10 Арнаулы әлеуметтiк қызметтер көрсету орталығы” КММ-де концерттiк iс-шара	13 қыркүйек 2023 жыл	Жастармен жұмыс бөлiмi, «Жалын» жастар ұйымы	20	https://www.instagram.com/p/Cx1A2n1sFD3/
2	Шымкент қалалық «Белсендi ұзақ өмiр сүру орталығында» концерттiк iс-шара	1 қазан 2023 жыл	Жастармен жұмыс бөлiмi, «Жалын» жастар ұйымы	20	https://www.instagram.com/p/Cx28PТyMeУ2/

	Тауелсіздік күніне орай “№10 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы” КММ-де концерттік іс-шара	19 желтоқсан, 2023 жыл	Музыка кафедрасы	20	https://www.instagram.com/p/C1Bz21eN1h1/
3	“100 баға - 100 арман” атты қайырымдылық іс-шара	25 желтоқсан, 2023 жыл	Жастармен жұмыс бөлімі, «Шексіз үміт» еріктілер клубы	40	https://www.instagram.com/p/C4dvq1E1120/
4	Ардагерлер үйінде концерттік іс-шара	28 қаңтар 2024 жыл	Мәдениет бөлімі, қоғамдық кәсіптерді дағдылау орталығы	20	https://www.instagram.com/p/C2t2by3NME1/
5	“№10 Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы” КММ-де концерттік іс-шара	8 ақпан, 2024 жыл	Жастармен жұмыс бөлімі, «Шексіз үміт» еріктілер клубы	20	https://www.instagram.com/p/C0A7H1wo1hQ/
6	Сенбілік акциялары	Жыл бойы	Жастармен жұмыс бөлімі, факультет декандары	500	
7	Shymkent Nauguz Rip қалалық марафонында еріктілік қызмет	7 сәуір 2024 жыл	Жастармен жұмыс бөлімі	20	
8	Төле би ауданы Бірінші мамыр ауылдық округінде отбасы үлгісіндегі бағалар үйінде қайырымдылық іс шара	13 сәуір 2024 жыл	Жастармен жұмыс бөлімі, «Шексіз үміт» еріктілер клубы	20	
9	Climate Talks Shymkent I жастар диалогы аясында ағаш егу акциясы	22 сәуір, 2024 жыл	Жастармен жұмыс бөлімі, Шымкент қаласының әкімдігі. УЕҰ-лар	150	https://www.instagram.com/p/C6BKUd1N1AM

10	Арбат демалыс аймағында 300-ге жуық жастың қатысуымен «Өз елін сүйетін өнегелі ұрпақ» тақырыбында флешмоб	2 мамыр, 2024	Жастармен жұмыс бөлімі, Шымкент қалалық жастар ресурстық орталығы	50	https://www.instagram.com/p/C6eATNdNoIv/
11	Петропавлдағы су тасқынынан зардап шеккендерге ұйымдастырылған қайырымдылық шарасы	14 мамыр, 2024	Жастармен жұмыс бөлімі, Дене шынықтыру және спорт факультеті	50	https://www.instagram.com/p/C68050RN4Bv/
12	Сейітжан қари Ысжанұлы атындағы үлкен мешітінің ашылуында еріктілік қызмет	21 мамыр, 2024 жылы	Жастармен жұмыс бөлімі, студенттік парламент	40	
13	«ВОЛОНТЕРЛІК – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ ІЛГЕРІЛЕУІНІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНСІ» Қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбекпен кездесу	29 мамыр, 2024 жылы	Жастармен жұмыс бөлімі, «Шексіз үміт» еріктілер клубы	10	
14	1 маусым Балалар қорғау күніне және «Gaardens» тұрғын үй кешенінің таныстыруына орай «Aulet Run» жүгіру жарысын еріктілік қызмет	1 маусым, 2024 жылы	Жастармен жұмыс бөлімі, «Шексіз үміт» еріктілер клубы	10	

6.4 Патриоттық сананы қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің тәрбие жұмыс жоспарларында патриоттық тәрбие бойынша әртүрлі деңгейде, яғни жалпы университет және жекеленген оқу топтары студенттерімен, магистранттарымен жалпы саны 50 іс-шара жоспарланып орындалды. Жоспардан тыс 36 іс-шара қосымша өтті. Жоспардан тыс атқарылған жұмыстардың негізі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тапсырмаларына орай және Шымкент қалалық ішкі саясат басқармасы, түрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бірлескен іс-шаралар



жоспарына сай өткізілді. Оның ішінде Жошы Ұлысының - 800 ж., Кенес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш қорғаныс министрі, «Халық қаһарманы», Армия генералы С.Нұрмағамбетовтің – 100 ж. сияқты т.б. мерейлі және атаулы даталарға орай түрлі деңгейлердегі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Аткарылған тәрбиелік іс-шаралар туралы ақпараттар университет пен факультеттердің, Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті сайттарына орналастырылды. Аткарылған жұмыстардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 2-ші кестеде көрсетілген.

2 КЕСТЕ


р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан атқарылған жұмыстар саны	тыс
1	Физика - математика	7	10	3	
2	Жаратылыстану	15	16	1	
3	Филология	6	18	12	
4	Тарих және педагогика	8	17	9	
5	Өнер және білім	5	12	7	
6	Дене шынықтыру және спорт	9	13	4	
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	50	86	36	

Сол атқарылған жұмыстардың ішінде өзінің маңыздылығы мен қамтыған көлемі жағынан үлкен іс-шаралар қатарындағыларына тоқталар болсақ, **19.09.2023 ж.** күні Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарманың ұйытқы болуымен **Ө. Жәнібеков** атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде студенттер мен «Ерлік ұмытылмайды» патриоттық әлеуметтік жобасы аясында ҚР Қарулы күштерінің, түрлі патриоттық тәрбиемен айналысатын қоғамдық ұйымдардың ардагерлердің кездесуі өтті. Жобаның мақсаты - ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыра отырып, жастардың патриоттық сезімдерін жоғарылату, Отанға сүйіспеншілік сезімдерін арттыру болып табылады. Кездесуге Шымкент қаласы Қарулы күштерінің құрметті ардагері, қарулы күштер РҚБ ШФ төрағасы,



Шымкент қаласы ІІ қоғамдық бірлестіктер коалициясының төрағасы – Серікбай Оңбаев, патриоттық қозғалыс “Желтоқсан ақиқаты” республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қаласындағы филиалының төрайымы Гүлмира Оспанова Семей сынақ ядролық полигонының ардагері Өмірхан Қарабеков қатысты. Ардагерлер отты жылдар естелігін жанғыртып, жастарға өнеге айтты. Ал, тәжірибелі мамандар өздерінің ой-пікірлерімен бөлісіп, студенттер сауалына жауап берді.



27.09.2023ж. күні Еңбек күні және Қарттар күні қарсаңында Дене шынықтыру және спорт факультетінің ұйымдастыруымен студенттер мен ардагерлердің «Еңбек түбі береке» және «Қарттар – асыл қазынам» тақырыптарында кездесуі өтті. Кездесу қонақтары: ҚР Қарулы күштерінің «Құрметті ардагері», Қарулы күштер РҚБ ШФ төрағасы, Шымкент қаласы ІІ қоғамдық бірлестіктер коалициясының төрағасы Оңбаев Серікбай Мейірбайұлы, патриоттық қозғалыс “Желтоқсан ақиқаты” республикалық қоғамдық бірлестігінің Шымкент қаласындағы филиалының төрайымы Оспанова Гүлмира Болатқызы, ҚР мәдениет қайраткері, еңбек ардагері Шұланбеков Беркінбай Латыфович. Қонақтар жетістіктерінен, өз өмірлерінен мысал келтіре отырып студенттерге тек еңбек арқылы барлық жетістікке жетуге болатындығын, адал еңбекке баулу, кәсіптік білім алу арқылы адам еңбегін бағалай білуге, еңбек адамдарын сыйлай білуге тәрбиелеу, аға ұрпақтың ерлік істері туралы айтып өтті. Кездесу соңында қонақтар мен студенттер өзара сұрақ – жауап алмасты.





06.10.2023 ж. «Өзбекәлі Жәнібеков орталығында» казак тарихындағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасының 300 жылдығы және казак батыры Тоғанас Сабадәлуұлының 350 жылдығына орай «дөңгелек үстел» өтті. Жиынға еліміздің Астана, Алматы, Тараз қалаларынан, жоғары оқу орындарынан ғалым-тарихшылар қатысты. Зерттеушілер басқосуда тарихи оқиғаның мән-маңызы мен казак би-батырларының қайраткерлік рөлі, тұлғатану мәселесі туралы пікір білдірді. Сондай-ақ, казак-жоңғар соғысының батыры Тоғанас Сабадәлуұлының қолбасшылық ерлік жолдарына тоқталып, кейінгі ұрпаққа насихаттау жолдарын ұсынылды. Батыр атының Сіргелі руына ұран болғандығына ғылыми дәлелдер келтірілді. Іс-шара барысында университетте батыр ерлігін паш ететін ғылыми зерттеу еңбектері көрмесі ұйымдастырылып, батыр туралы тарихи-деректі фильм көрсетілді.





Патриоттық тәрбие беруде жастарға үлгі боларлық тарихи тұлғалардың қызметімен таныстыру, ұлттық құндылықтар арқылы ұлттық мақтанш сезімдерін оятатын іс-шаралардың маңызды ерекше. Сондықтан аталған бағыттардағы тәрбиелік жұмыстарға мән берілді. Ол әсіресе, 20.10.2023 ж. ЖОО-ның Өзбекәлі Жәнібековтің есімін ресми иеленген күннен бастап ел мен халықтың алдындағы патриоттық қызметтерін насихаттау мен таныстыру жұмыстарына қосымша іс-шаралар жоспарланып жүргізілді. Мысалы, **17.11.2023 ж.** Физика-математика факультетіне қарасты ББ білімгерлерінің ұйымдастыруымын “Өмірі өнегелі Өзбекәлі” тақырыбында танымдық-тарихи іс-шара жоғары дәрежеде өтті. Іс-шараға «Жәнібеков» орталығының басшысы ф.ғ.к. Э.Б. Оразбаева қатысып, тарихи тұлғаға байланысты ақпаратты мол баяндама жасады.

Университеттің әкімшілігінің қолдауымен Өзбекәлі Жәнібековтің тарихи тұлғалық бейнесін елге, жастарға таныту бағытындағы жоспарлы және жоспардан тыс тәрбиелік жұмыстарды жүргізуде аталған орталық жүйелі жұмыс жасады. Оның ішінде тұлғаның ескерткіш тақтасының Бас ғимаратқа орнатылуына және орталықты материалдармен жабдықтау жұмыстары жемісті аяқталды.




01.02.2024 ж. Оңтүстік арнасына Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Б.Қ.Исабек, Өнер және білім факультетінің деканы А.Е.Байбәтшаева және қоғамдық кәсіптер орталығының басшысы М. Н.Еримбетов тікелей эфирде "Ұлттық код, Ұлттық сезім" тақырыбында тікелей эфирге шақырылып тақырып бойынша ақпарат берілді.




Патриоттық тәрбие беруде университет қабырғасында жұмыс жасап келе жатқан әскери кафедра, Дене шынықтыру кафедрасы, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы, Әлем тарихы және дінтану, Қазақ тілі мен

әлебиеті кафедрасына тиісті тәрбиелік жұмыстар жоспарланып жүзеге асырылды. Ал 06.05. 2024 ж. «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне» орай Өзбекәлі Жәнібеков ағындағы ОҚПУ-да әскери кафедраның жаңа ғимаратының пайдалануға берілуінің ерекше маңызы бар. Отан қорғаушылар күні қарсаңында жаңа әскери кафедраның жаңа ғимаратының, базасының ашылуына белгілі экономист, қоғам қайраткері ЖОО-ның директорлары кенесінің төрағасы Оразалы Сәбден арнайы қатысып құттықтау сөз сөйледі.



4 маусым күні ҚР Рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық айбыным, мақтанышым!» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шарата Тарих және педагогика факультетінің ОПҚ мен студенттері белсене қатысты. Ұлттық рәміздердің тарихынан бастап бүгінгі күнгі оларға деген жастар бойындағы құрметтің дәлелі мен оны жоғарылату мәселелері қарастырылған іс-шарадан жастарға пайдасы мол мағлұматтар берілді.



<https://www.instagram.com/p/CTumv3qfNwES/?igsh=MXh0wemtdtbGpmOWo5eg==>

6.5 Рухани – адамгершілік даму бағыты.


2023-2024 оқу жылында тәрбиенің негізгі салалық бағыты саналатын «Рухани – адамгершілік даму бағыты» бойынша 45 іс-шара жоспарлы және 36 жоспардан тыс, жалпы 81 іс-шара орындалды. Жалпы қызығушылық пен ынта басымдығы байқалады. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 3-ші кестеде көрсетілген.

3 КЕСТЕ.


р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған шаралар саны	іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген шаралар саны	іс-шаралар саны	Жоспардан атқарылған жұмыстар саны	тыс жұмыстар
1	Физика - математика	2		7		5	
2	Жаратылыстану	10		12		2	
3	Филология	11		12		1	

4	Тарих және педагогика	8	22	14
5	Өнер және білім	5	10	5
6	Дене шынықтыру және спорт	9	18	9
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	45	81	36

Университет ғалымдары тәрбиенің тәжірибелік тұстарын жетілдіру мен ғылыми негіздеу бағыттарында да жұмыстар жасап келеді. Сол қатардағы жұмыстар арасынан Тарих және педагогика факультетінің білікті мамандары Ә.Оразова мен Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Қ.С. Анарбаевтың жетекшілігімен Түркістан облысы және Шымкент қаласы жалпы білім беру мектептерінде «Әкелер мектебі» жұмыстарына ғылыми кеңестер беріп қана қоймай мектептердегі тәрбие жұмыстарына баламалы «Дәстүртану» бағытындағы әдістемелік құралдарды жасаумен айналысуда. 2023-2024 оқу жылында аталған мамандардың қатысуымен Түркістан облысы білім басқармасына қарасты білікті мамандар мен тәжірибелі ардагер ұстаздардың қатысуымен аудандарда, оның ішінде 1 мерте университет қабырғасында да аталған «Әкелер мектептерінің» жұмыстарын жетілдіру бойынша да бірнеше семинарлар ұйымдастырылып өткізілді. Осы бағыттағы республикалық деңгейде ұйымдастырылған семинарларға да ЖОО –ның ОІК қатысып отырды. Мысалы, **15.11.2023 ж.** күні Астана қаласында «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты VIII Республикалық әкелер форумы өтті. Форум жұмысына Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры Б.Қ.Исабөк және Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті директоры Қ.С.Анарбаев қатысты. Биыл 8-ші рет өткен жиында ҚР Парламенті депутаттары, еліміздегі танымал қоғам және өнер қайраткерлері қатысты. Біздің елден бастау алған форум салмағын халықаралық және көршілес мемлекеттердегі отбасы және әлеуметтік мәселелер бойынша беделді ұйымдардың мамандарының қатысуы одан ары арттыра түсті. Жиын қатысушылары әкелердің қоғам мен отбасыдағы орны мен жауапкершілігінің төмендеу үрдісінің байқалуына алаңдаушылықтарын білдірді. Орта Азия мен Қазақстандағы отбасылық зорлық-зомбылыққа жол бермеудің құқықтық және дәстүрлі жолдары бойынша пікірлер алмасты. Форум аясында «Орталық Азиядағы ер азаматтар: Тарих, мәдениет, заманаулық» атты кітаптың тұсауы кесері өтті.




Білім алушылардың өмірге деген құштарлығы мен еңбекке деген құрметін арттыру мақсатында бірнеше іс-шаралар жоспарлы және жоспардан тыс атқарылды. Соның ішінде Университет ректорының өзі басшылық жасаған бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Бұл бағыттағы жұмыстарда Психологиялық орталық мамандарының көмегі мол болып келеді. **22.11.2023ж.** күні «Жетістікке жетудегі мотивация» тақырыбында Факультет студенттерімен мотивациялық, арт-терапевтикалық семинар-тренингтер мен жетістікке жеткен ерекше кабілетке ие тұлғалармен кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараға Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы – Басқарма төрағасы Ректор; Исабек Баршагүл Қашкынқызы - Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор; Айгжанова Гүлнарә Турмахановна – «Психологиялық қолдау» орталығының басшысы; Өтеген Арыстан Берікбайұлы - белсенді мотиватор; Курмангүжинова Зарета Огемисовна - белсенді мотиватор, блогер; Төлеген Жандаулет Айтуарұлы – психолог маман; Күмісбек Ұлдана Жақсыбекқызы – психолог маман; Сапарбай Әсел Албекқызы – психолог маман, модератор ретінде сөйлеп, студенттерге рухани психологиялық іс-шара өткізді.



(<https://www.instagram.com/reel/COVDNлjk8k/?igsh=NTc4MTIwNjQ2YUQ=>)


Рухани — адамгершілік бағытындағы жұмыстарда жастардың өз бастамалары арқылы өткізілетін іс-шаралардың маңызына тұрақты көңіл бөлініп келеді. Соның ішінде филология факультеті жастарының белсенділігімен бірнеше тәрбиелік маңызы жоғары жұмыстар Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментіне қарасты бөлімдермен жүргізілді. Атап айтқанда, **30.11.2012ж.** күні «Қазақстан» мәжіліс залында Өзбекәлі Жәнібеков орталығының ұйымдастырумен Мұқағали Мақатаев өлеңдері негізінде дайындалған «Сары күз — сағыншы маусымы» атты күзгі әлегиа ұйымдастырылды. Кешті ұйымдастырудың мақсаты — білім алушы жастарды қазақ халқының көрнекті ақыны М.Мақатаевтың шығармашылығымен таныстыру және әдеби шығарма оқуды насихаттау, М.Мақатаевтың ақындық және азаматтық тұлғасын көрсету ғана емес, махаббат пен адалдықты насихаттау және жастардың шығармашылық қабілеттері мен машықтарын жетілдіруді көздегені анық. Кешке филология және өнер және білім факультетінің студенттері қатысты.




«Сары күз – сағыншы маусымы» атты күзгі элегия

<https://www.facebook.com/share/Zn4xs17nUgn9U17w/?mibextid=WC7FNe>

Жалпы университетте жастарға мотивациялық тұрғыдан пайдалы, әрі әдебиет арқылы қоғамдық сана мен ұлтқа қызмет еткен тұлғаларды дәріптеу бағытындағы жұмыстар кешенді және тұрақты қолға алынып келеді. Әдебиетші ғалымдар мен жазушылармен кездесулер өтіп тұрады. Биылғы оқу жылында ЖОО Ө.Жәнібеков есімінің берілуі мен осындай тұлғатанулық бағыттағы жұмыстар қатарында 5.12.2023ж.күні «Қазақстан» мәжіліс залында қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің азаматтық тұлғасын танытуға арналған осы жылы баспадан жарық көрген «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының авторы Санжар Керімбайдың ұжым мүшелері және жастармен өткен кездесуді айтуға болады. Кездесуге Өзбекәлі Жәнібековтің қарындасы Серимова Айғаным Абанқызы, «Қылует» этномузейінің директоры, белгілі этнограф, колөнер шебері, саз балшықтан бұйым жасаушы, «Аманат» сыйлығының иегері Кендебай Қарабдалов, БАҚ өкілдері қатысты. Кездесу барысында кітап авторы және қонақтар ЖОО-дағы Өзбекәлі Жәнібеков орталығымен танысты. Кездесуді Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректоры Г.Д.Сугирбаева жүргізді. Кездесу барысында автор кітаптың қалай жазылғаны, Өзбекәлі Жәнібековпен бірге қызмет атқарған адамдармен кездескені туралы баяндады. Жана кітіптың маңызы мен кейбір ғылыми тұстарына қатысты Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д., Қ.С.Ергөбек пікірін білдірсе, Өзбекәлі Жәнібековтің қарындасы Серимова Айғаным Абанқызы, «Қылует» этномузейінің директоры Кендебай Қарабдалов тарихи тұлғаға қатысты естеліктерін айтты. Кездесу оқырмандардың автордан қолтаңба алуымен аяқталды.





Осы оқу жылында Ө.Жәнібеков тұлғасының жан жақты қырларын ашу бағытында бірқатар тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. 13.12.2023ж. күні «Рухы биік желтоқсаншылар және Өзбекәлі Жәнібеков» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге «IS QOLDAU» әйелдер бастамаларын қолдау» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Алма Архабаева, «Желтоқсан Республикалық халықтық-отаншылдық қозғалысы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері Муратбек Шекербеков, Галимат Шомаева, Ниязбек Наханов қатысып, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы ойлары мен естеліктерін айтты. Дөңгелек үстелге қатысқан Тарих және педагогика, Физика-математика, Жаратылыстану, Дене шынықтыру және спорт факультеттерінің студенттеріне Өзбекәлі Жәнібеков туралы «Өмір жолы» және «Желтоқсан ақиқаты» деректі фильмдерден үзінділер көрсетілді. Кездесу соңында дөңгелек үстелге қатысқан қонақтарға Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ 85 жылдығына арналған «Шежірелі шанырақ» кітабы мен «ОҚМПУ елшісі» төсбелгісі тапсырылды.




«Рухы биік желтоқсаншылар және Өзбекәлі Жәнібеков» тақырыбында дөңгелек үстел
<https://www.facebook.com/share/KSXutm4m8nWjRTFU/?mbexhid=WС7FNe>

06.03.2024ж. күні Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Қазақстан» залында «Рух сардары» атты Өзбекәлі Жәнібековке арналған Республикалық жас акындар айтысы өтті. Айтысты АМАНАТ партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы, мәслихат төрағасы Бахадыр Нарымбетов, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек және Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОЖПУ Басқарма төрағасы-ректор міндетін уақытша атқарушы, айтыс жанапшыры Гүлжан Сүгірбаева құттықтау сөзбен ашты. Танымал айтыскер акындар Маржан Есжанова, Анар Жаппарқұлова, Карима Оралова, Қажымұқан Абзалов және университеттегі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы орталықтың басшысы Эльмира Оразбаева төрағалық еткен қазылар алқасының шешімімен бас жүлде актөбелік Нұрбол Жауынбаева (1 000 000 теңге) берілді. Ал бірінші орынға Нұрмахан Жакыпбек (700 000 теңге) ие болды. Екі бірдей екінші орынды Жандос Мырзабеков пен Сұлтан Сәуірхан (400 000 теңгеден), екі бірдей үшінші орынды Ахметрасул Баянбай мен Айым Асылбекқызы (250 000 теңгеден) жеңіп алды. Қатысқан 8 акынның барлығына «Майлықожа», «Құлыншак Кемелұлы», «Көпбай Омаров», «Тәушен Әбуова», «Қаныбек Сарыбаев», «Әселхан Қалыбекова», «Оразалы Досбосынов», «Есенқұл Жакыпбек» атындағы арнайы жүлделер (150 000 теңгеден) табыс етілді.



<https://www.facebook.com/abn.nyshan.uz>

10.05.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да «Күй - күдірет. Күй — рух» тақырыбында танымдық-сазды кеш өтті. Іс-шараны Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Қайрат Анарбаев жүргізіп, күй өнерінің тарихы мен күдіреті туралы мазмұнды сыр шертті. «Домбыра» үйірмесінің жетекшілері Шыңғыс Исаев пен Әліби Нышан ұлттық өнердің мектептері туралы әңгімелеп, домбырамен күй шертті.



<https://www.instagram.com/abdulqodir.uz>

6.6 Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу бағыты университет тәрбие жұмыстарында ең басты назардағы бағыттардың бірі саналады. Осы орайда қоғамдық негізде Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің Басқарма төрағасы-ректор М.У.а. Г.Д.Сүтпирбаева Шымкент қаласы бойынша Қоғамдық келісім басқармасы ҚХА жанындағы «Аналар кеңесінің» төрайымы және Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Қ.С.Анарбаевтың ҚХА жанындағы ғылыми эксперттік комиссия төраға орынбасары ретінде қызмет атқарып отырғанын да атап кеткенді жөн санаймыз. Университет ОПК мен жастар қала мен Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстарындағы қоғамдық келісімді қаптамасыз ету бағытындағы іс-шараларға тұрақты қатысып келеді.

Аталған бағыт бойынша 2023-2024 оқу жылында ЖОО-да 19 іс-шара жоспарланып, 22 іс-шара орындалды. 3 жоспардан тыс орындалды. Аталған бағытта еліміздегі ішкі саясат пен қоғамның тұтастығы, ұлтаралық татулық пен толеранттылық мәселелеріне байланысты тәрбиелік жұмыстар қол алынды. Солардың арасында ҚР Президентінің Жолдауларын жастарға түсіндіру, талдау мен насихаттау бағытындағы жұмыстарда жүргізілді. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі 4-ші кестеде көрсетілген.

4 КЕСТЕ.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	1	1	0
2	Жаратылыстану	4	4	0
3	Филология	3	4	1
4	Тарих және педагогика	4	5	1
5	Өнер және білім	4	4	0
6	Дене шынықтыру және спорт	3	4	1
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	19	22	3

Аталган бағыттағы тәрбиелік шараларға қаладағы мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысып отырды. Мысалы, 6.12.2023 ж. «Coworking» орталығында Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен жастар арасында ұлтаралық татулық, жастардың діни танымын арттыру мақсатында кездесу өткізілді.

Кездесуге Шымкент қаласының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» теолог мамандары – Көбей Дәулетұлы, Серік Бекеуілов, университеттің Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Қайрат Сапарханұлы және университет білім алушылары қатысты.

Кездесу барысында сала мамандары жастарға отанды сүю иманнан екенін және жастарға түрлі кереғар діни ағымдардан сақтану жолдары, тәлім-тәрбиелілік, біліктілік, ата-ананы құрметтеу сынды тақырыптар төңірегінде сөз қозғап жастар көкейіндегі сұрақтарына жауап алды.



1. https://www.instagram.com/p/S0iFQVUGLxd3/?utm_source=ig_web_soru_link

2. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=rfbid0VhY49ybTdmXhM2zhZv6сWkoEtdеQDTоepSGSxFLmXsGJwbDwwwfeM7TmFn97Y5enl&id=100072385731540&mbextid=Nif5oz

12.03.2024ж. айының жоспарына сәйкес, студенттердің қазіргі таңдағы дін мен дәстүр сабақтастығы жайлы ойларын ғылыми ұлттық құндылықтар негізінде дұрыс бағытта дамыту мақсатында тарихшы және дінтанушы маманмен

кездестіріп, психологиялық көңіл күйін, қал жағдайын анықтап, кері байланыс жасалды. Семинар – тренингке университет студенттері тарихшы және дін танушы мамандардың қатысуымен өткізілді.

«Дін – Тәрбие дінгегі» тақырыбында жоспарлы іс-шараны модератор ретінде Қайрат Сапарханұлы бастап, дін мен қазақтың салт-дәстүрін сақтаған елде тәрбие мен тұрақтылық өркендеуге жол ашатындығын, алайда, сол дін мен дәстүрді теріс ұғыну жағдайлары қазіргі таңда көп орын алып жатқандығын жеткізді. Соның алдын-алу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара қонақтары Абдусаттар Сманов мешітінің имамы Шотабеков Берік Салаватұлы және Шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Исабек Баршағұл Қашкынқызы, «Психологиялық қолдау» орталығының жетекші маманы Төлеген Жандаулет Айғуарұлымен таныстырып, іс-шараның бағдарламасын айтып өтті.



Іс-шара барысында «Діни сауаттылықты арттыру» тақырыбында Исабек Баршағұл Қашкынқызы сөз сөйлеп қазіргі кезде жастарды теріс бағытқа итермелейтін адамдардың, саяси күштердің ел ішінде де, сыртта да көптігіне тоқталды. Сол себепті, діни сауаттылықты арттыру қажеттігін, ашып айтты. Әлеуметтік желіден келген діни видео немесе суреттерді басқа адамға жіберу алдында, ең алдымен тексеріп, не жайында екенін білу маңыздылығын. Және де мемлекеттік орындарда орамал тағуға және де намаз оқуға болмайтындығын толық ашып айтып өтті.

«Рамазан – мейірім айы» тақырыбында сөз алған Дін мәселелерін зерттеу орталығы маманы Бекбауов Ерман Жаксыбайұлы қасиетті Рамазан айының ерекшеліктері мен тәрбиелік тұстарына қатысты пайдалы ақпараттар берді. Қазіргі куантарлық жағдайын бірі – мешітке жұма намазға барушы жастар көп екендігін жеткізіп, білім саласындағы жастарымыздың арасындағы дінге деген көңіл бөлуі куантса, бір жағынан алаңдайтын мәселе бар екендігін де айтып өтті. Ол сабақ уақытында сұранбай, мешітке баруы. Мұндағы жастардың артында сол уақытта жауапкершілігі бар

мекеме бар екенін ұмытпау керектігін яғни, жастарға ниеттеніп баруды, алайда сабақ кезінен тыс жауапкершілік ата-анамен өзінде болатын уақытта бару керектігін түсіндірді. Сол себепті, жастардың бір-біріне кедергісін келтірмейтін әрекеттерді жасауын жеткізді.

Кездесуде «Жастар арасындағы діни көзқарас» тақырыбында – Шотабеков Берік Салаватұлы, қазіргі таңда жастар арасындағы діни көзқарас және ислам дініндегі дәріптеу жақсы дамып жатқандығын, бірақ осының бәрін айтпас бұрын, тарих бойынша ислам дініміздің шығуы мен, әлемдегі қактығыстарға ислам дініндегі көзқарастарды түсіндірді. Мұнда ислам діні алғашқы Құран керім түскеннен бастап, ең алдымен адамдардың арасындағы сыйластық пен мейірімділіктің және бір-біріне деген құрметтің маңыздығын айттып, дегенмен де әлемде қазір өзара діни, этникалық сипаттағы қактығыстар көбеюімен оның барлығы діни көзқарастың, түрлі теріс ағымдардың әсер етуінен орын алып жатқандығынан сол үшін де студенттермен бүгін әлемде орын алып жатқан ислам дінін түсіну мен түсіндірудегі қайшылықтар туралы әңгіме қозғады.

Одан ары қарай қатысушылар мен қонақтар арасындағы сұрақ-жауап кезеңіне беріліп студенттер тарапынан сұрақтар қойылды. Сұрақтарға сәйкес мамандар студенттерге жауап берді. Қайрат Сапарханұлы келесі сөз кезегін, орталықтың басшысының м.а. Төлеген Жандаулет Айтуарұлына берді. Бүгінгі семинар-тренинг бойынша айтылған мәселелермен сөздердің барлығы бұл болашағымызды оқытатын, білім үйрететін педагог мамандарға қажетті құнды ақпараттар екендігін және маңыздысы дінмен дәстүрімізді сыртқы теріс бағытка алып барар оқиғалардың алдын-алу, сол себепті, бүгінгі айтылған ақпараттардың барлығы студенттердің ойларына әсер етуі мүмкіндігін, ертенгі жарқын күн бүгінгі әрекеттен басталатындығын жеткізді.


Семинар-тренингтің сонын Қайрат Сапарханұлы қорықты. Модератор «Иманның түпкі негізі дін болса, дін – тәрбиенің рухани тірегі. Сондықтан адам бойындағы барлық асыл қасиет жақсы тәрбиемен келеді. Қасиетті дініміздегі барлық құндылықтарды сақтай білгенде біздің рухани байлығымыз күннен-күнге арта бермек. Сонда ғана ұрпаққа ұлағатты тәрбие беріп, болашақ байнды болады» - деген түйінді ойымен аяқтады.



«Дін – Тәрбие дінгегі»

(<https://www.instagram.com/r/С4agz-HNDpre/?hl=ru>)

3.05.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде нысандардың терроризмге карсы корғануды ұйымдастыруға койылатын талаптарды таныстыру максатында сала мамандары мен ұжым қызметкерлері және студенттердің кездесуі болды. Шымкент қаласы әкімінің аппараты құжық корғау органдарымен және терроризмге карсы комиссиямен жұмыс жүргізу бөлімінің башысы Нұрдәулет Әліпбаев жиналғандарға лаңкестік шабуыл кезінде әрбір адамның атқаратын міндеті туралы жіпке тізгендей нақты, әрі түсінікті айтып берді. Ал, ҰЖК өкілі Вадим Марциничко мен Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық корғау майоры Әлібек Ыскаков азаматтардың қауіпсіздік ережелері мен осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарына тоқталды. Мамандар тәжірибесі мен кенесі жиналғандар үшін пайдалы ақпаратқа толы болды. Төтенше жағдай кезінде азаматтардың саулығын қамтамасыз ету үшін мұндай жиындар енді жиі өткізілімек. Іс-шараны университет басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Баршағұл Исабек жүргізіп, қорытындылады.



<https://www.facebook.com/rukhsana.konurbekova160977193607116/>

ЖОО-дағы жүргізілетін тәрбие жұмысында этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу бағыты мен рухани-адамгершілік тұрғыдағы аяқталушылық бағыттары аса назарда ұсталынып келеді. Еліміз халықтарының достығы мен әлемдік мәдениеттер тоғысында Қазақстан мәдениетінің үлгілерін дәріптеу мен насихаттау маңызды. Сондықтан 2023-2024 оқу жылының қорытындысын маусым айының 28-29 күндері Ташкент қаласында өтетін халықаралық «Азия өрнектері» («Узори Азии») атты байқау фестивалі болып тұр. Оған Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығының басшысы М.Ерімбетов жетекшілігімен студент жастарымыз қатысады деп күтілуде. Оның нәтижелерін он болатынына сенім мол.

Құқықтық тәрбие.

2023-2024 оқу жылында Ата заңымызда көрсетілгендей құқықтық мемлекет пен «Жаңа Қазақстанды» құрудағы азаматтардың мемлекет заңдарын білуі, қолдануы, өз құқықтары мен міндеттерін танытуға бағытталған құқықтық тәрбие жұмыстары басты назарда болды. Жастардың ғана емес, ұжым қызметкерлер мен ОПК құқықтық сауаттылығын арттыру бағытындағы жоспарлы және жоспардан тыс тәрбиелік жұмыстар да жүргізілді. Оның ішінде еліміздегі Білім, Ф7.01-04

Ғылым туралы заңдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңы, интернет алаяқтық қылмыстар мен лудомания т.б. қоғамдық дерттердің алдын алу бойынша құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған іс-шаралар назарда ұсталды. Ол жұмыстарда қылмыстың алдын алу, болдырмау, оның ішінде қоғамдық талаптарды ескеру мен құқықтық мемлекеттің сипаттарын түсіндіру, бүгінгі қоғамның дертіне айналған дін мен дәстүрдің сабақтастығын түсінбеуден пайда болатын жайттар, әсіре діншілдікпен және жемқорлықпен күрес бағыттары, оларға қарсы иммунитетті жоғарылатудан ұлттық құндылықтармен таныстыру, азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен заңды сақтауы, сыйлауы және өркениетті қарым-қатынастар мәдениетін менгеруіне бағытталған жұмыстар атқарылды. Ол жұмыстарды атқару күнделікті қажеттіліктен туындап отыр. Мысалы, ормал тартатын студенттердің мектептердегі практикалардан өтудегі кедергілерге кездесеуі, отбасыдағы түсініспеушіліктер сияқты т.б. мәселелердің алдын алу бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілді. Сол жұмыстарға қарамастан ЖОО-да қыркүйек-маусым айларында студенттер арасында ормал тартатын немесе хиджаб киетін студенттер саны 126 санын құрады. Өткен оқу жылының қорытындысымен салыстырмалы алғанда былғы қабылданған студенттер есебінен 26-ға артқан.

Осындай құқықтық бағыттар бойынша факультеттер бойынша атқарылған жұмыстардың көрсеткіші 8-ші кестеде берілді.

8 КЕСТЕ

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген шаралар саны	іс-атқарылған жұмыстар саны	тыс
1	Физика - математика	1	1	0	
2	Жаратылыстану	4	4	0	
3	Филология	4	9	5	
4	Тарих және педагогика	4	11	7	
5	Өнер және білім	3	7	4	
6	Дене шынықтыру және спорт	4	5	1	

7	Жалпы ОҚПУ бойынша	20	37	17
---	--------------------	----	----	----

Негізінен жастардан тыс тәрбиелік жұмыстар мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдармен жоспардан тыс әртүрлі форматтағы бірнеше іс-шаралар арқылы атқарылды. Атап айтқанда 12.10.2023ж. күні «Шанырақ» оқу ғимаратының Мұхтар Шаханов орталығында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шымкент қаласы бойынша департаменті өкілдерінің жастармен кездесуі болды. Бұл кездесудің студенттер мен оқытушылар үшін маңызы зор. Мамандар оқу сессиясы, басқа да кезеңдерде оқу-бағалау процесі мәселесін білім арқылы емес, теріс және оңай әрекеттермен шешкісі келетін пияғылдың соңы өкінішті жайттарға ұласатынын деректермен мысалға келтірді.

Кездесуде департамент басшысының бірінші орынбасары Жандос Жұмабаев сыбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимылдағы жастардың ролі туралы кеңірек түсінік берді. ОҚПУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі департамент директоры Қайрат Анарбаев «Парасаттылық - заман талабы» тақырыбында баяндама оқыса, М. Әуезов атындағы ОҚУ «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының маманы, жас ғалым Әзімхан Исабек Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезов шығармаларындағы парасаттылық құндылықтары туралы ой козғады.

Іс-шараны университеттің Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры Баршагүл Қашкынқызы Исабек жүргізіп отырды. Жйын соңы студенттердің сұрақ-жауап кезеңіне ұласты.



6.12.2023ж. күні Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында прокуратура қызметкерлерімен кездесу өтті. Шараға Шымкент қаласының прокуратура басқармасының прокурорлары Берденов Канат, Бекболат Исатай, Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Жазира Жаппарқұл, Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Қайрат Сапарханұлы Анарбаев және университет білім алушылары қатысты.



Қорыта келгенде, оқу жылы көлемінде құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы жұмыстар жеткілікті деңгейде өткізілді. Аткарылған жұмыстар мен олардың нәтижелері туралы ақпараттар арнайы сайттарға жүктеліп отырды. Соның нәтижесінде құқық бұзушылық фактілері салыстырмалы түрде кемігенін және интернет алаяқтықтан, қаржылық сауаттылықтан зардап шеккен студенттер қатары азайды.

6.7 Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылында аталған бағытта факультеттер бойынша 30 шара жоспарланып, жалпы 46 іс-шара өткізілді. Яғни 16 іс-шара жоспардан тыс орындалды. Шымкент университетінің ұйымдастыруымен қалалық «Денсаулық — зор байлық» атты университетаралық спартакиадада ОҚПУ спортшылары топ жарды.


Бүгінгі күнге ЖОО-да жалпы саны 15 құрайтын әлем чемпиондары, 14 Азия чемпиондары, 34 Қазақстан чемпиондары, 40-тан аса Қазақстан чемпионатының жүлдегерлері мен Халықаралық турнирлерінің жеңімпаздары мен

жүлдегерлері бар. Олардың 20-сы биылғы оқу жылында осындай атаққа ие болды. Аталған бағытта атқарылған жұмыстардың орындалуының сандық көрсеткіші 5-ші кестеде берілген.

5 КЕСТЕ.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған шаралар саны	іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	іс-шаралар саны	Жоспардан атқарылған жұмыстар саны	тыс
1	Физика - математика	2		3		1	1
2	Жаратылыстану	4		5		1	1
3	Филология	5		8		3	3
4	Тарих және педагогика	4		9		5	5
5	Өнер және білім	3		8		5	5
6	Дене шынықтыру және спорт	12		13		1	1
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	30		46		16	16

Жоғарыда келтірілгендей 17.10.2023ж. күні Шымкент университетінің ұйымдастыруымен қалалық «Денсаулық — зор байлық» атты университетаралық спартакиада өтті. Спорт сайысы казак ұлттық ойын түрлерінен ұйымдастырылды. Қатысушылар қол күрестіріп, тоғызқұмалақ ойнап, кір тасын көтерді, арқан тартып, лангі тебуден жарысты. Нәтижесінде Өзбекәлі Жәнібеков аlyндағы ОҚПУ спортшылары командасы ешкімге дeс бeрмeй жалпыкомандалық есепте жүлделі І - орынды еншіледі.



4-7.12.2023ж. күндері аралығында Шымкент қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы «Жана жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты жолдауын іске асыру бұқаралық спортты дамыту аясында ЖОО студенттері арасында өткен қалалық спартакиадаcында оқу орнымыздың ұлдар және қыздар құрама командасы 8-жоғары оқу орындары арасынан 8-спорт түрінен қатысып жүлделі ІІ- орынды иеленді.

1- орын ОАИУ

2- орын Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ

3- орын Шымкент университеті

Атап айтқанда:

1. Тоғызқұмалақтан 1-орын алды. Команда жетекшісі: А.Тұрдалиев
2. Шахматтан 1-орын алды. Команда жетекшісі: А.Тұрдалиев
3. Дойбыдан 2-орын алды. Команда жетекшісі: А.Тұрдалиев
4. Волейболдан ерлер құрама командасы 3-орынды, қыздар құрама командасы 2-орын алды. Команда жетекшісі:

О.К.Жұматаев

5. Баскетболдан ерлер құрама командасы 2-орынды, қыздар құрама командасы 2-орын алды. Команда жетекшісі: В.Сотов

6. Стол теннисінен 2-орын алды. Команда жетекшісі: Е.Балабаев

7. Жөңіл атлетикадан 2-орын алды. Команда жетекшісі: М.Ганотта


8. Футзалдан 3-орын алды. Команда жетекшісі: А.Жұмабаев



8.12.2023ж. күні «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясы аясында Шымкент қаласы бойынша «Әйелдер күштерінің альянсы» заңды тұлғалардың бірлестігі, Шымкент қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі мүшелерінің катысуымен іс-шара өткізілді. Іс-шараға оқу орнымыздың педагогика-психология ББ білім алушылары, педагогика кафедрасының жас оқытушылары қатысты. Іс-шараның модераторлары Шымкент қаласы бойынша «Әйелдер күштерінің альянсы» заңды тұлғалардың бірлестігі төрайымы Ж.К.Жазықбаева мен Шымкент қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы, «Әйелдер күштерінің альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің мүшесі, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректоры Г.Д.Сугирбаева болды.

Іс-шараға қатысқан Шымкент қалалық мәслихат депутаты Султанова Торайым Жолдыбаевна, «Әйелдер күштерінің альянсы» заңды тұлғалардың бірлестігінің кеңесшісі Бекенова Қуралай Абдуғалиевна, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі, Шымкент қаласы корейлер ассоциациясының төрайымы, «Аманат» партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі комиссия мүшесі, қалалық арлагерлер кеңесінің мүшесі, «Арофат» мектебінің директоры Пак Роза Викторовна, «Бақытты жануа» орталығы КММ басшысының орынбасары Альжанов Ерлан

Тұрсынбекұлы, Шымкент қаласы полиция департаменті жергілікті полиция қызмет басқармасы әйелдерді зорлық зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Спанова Жаныл Қанибековна, Шымкент қалалық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Әль-Фараби аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Барлыбаева Тұрсыннай, №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы Моминова Гүлчехра Оқтамбековна, Шымкент қалалық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің мүшесі, Шымкент қаласы «Алтын бесік» балабақшасының меңгерушісі Тойбаева Гүлмира Елкібайқызы, Орта Азия Психонализ институтының студенті, психонализ бағытындағы психолог, «Ай-Ару» психологиялық орталығының директоры Абдрахманова Зулпипа Азреталиевна қыздар тәрбиесі, отбасы құндылығы, отбасы тәрбиесі туралы пікірлерімен ой бөлісті. Отбасы тәрбиесінің маңызы туралы жастарға пайдалы кеңестер де берілді.



«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясы

<https://www.facebook.com/share/brseV1PUEj3vvgSn8/?mibextid=WSTjNE>

14.11.2023ж. күні «Есірткі есінді кетірмесін» Білім беру ұйымдарында салалық мамандардың студенттермен нашакорлық профилактикасы бойынша кездесу өткізілді.

«Психологиялық қолдау» орталығының басшысы Айтжанова Гулынара Турмахановна студенттеріне бірінші кезекте қазіргі жағдайлары, көңіл-күйлері сұрай отырып ағалмыш семинарға жоғары деңгейдегі қаржымен қатысуға шақырды. Семинарда елімізде синтетикалық есірткі дейтін ұғым осыдан 7-8 жыл бұрын пайда болғаны айтылып, енді жерде Қазақстанға темекі қоспалары бар «спайс» деген түрі, тіпті қазіргі уақытта түтіні жоқ темекі «снюс» саудаға шыға бастауын айтып, сақтанып жүрулерін ескертті.

Іс-шара барысында психолог маман Төлеген Жандаулет Айтұарұлы қазіргі таңда жастар арасында көп кездесетін "Есірткіден бастарту" тақырыбында семинар-тренинг жүргізіп, түсіндірме жұмыстарын өтті. Сонымен қатар, студенттермен осы тақырыпта синтетикалық есірткі әлем бойынша аптасына синтетикалық есірткінің 10 жаңа түрі шығарылатынын алға тартып, жасырын зертханалардың көрігін қыздырып жүрген психикалық белсенді заттардың таралу жолдары туралы пайдалы ақпараттарды тілге тиек етті.

Аталған орталықтың маман психологы Ұ.Ж.Күмісбек студенттерге психологиялық кеңес беруге арқашан дайын екендіктерін айтты. Сонымен қатар, студенттерге психологиялық қолдау орталығы 105-106 кабинетте орналасқанын атап өтіп, бүгінгі таңда буыны бекіп үлгермеген жеткіншектердің дені бұл дерттің торына онлайн арқылы ілігіп жүргендігін тағы да жеткізді. Себебі, синтетикалық есірткілер, негізінен интернет арқылы сағылатыны БАҚ көздерінен көп айтылады.


Орталықтың маман психологы Ә.А.Сапарбай «Синтетикалық есірткі зұлым» деген тақырыпта баяндама жасап «Сіздер біздің болашағымыздың жарқын ұлдары мен қыздарысыздар» - деп жастарды жігерлендіріп, алға қойған мақсаттарына нық қадаммен ұмтылу керегін жеткізіп өз сөзімен семинар-тренингті аяқтады.



«Есірткі есінді кетірімесін» (<https://www.instagram.com/reel/C7mi6tGoTVU/?igsh=MzRjODZlNWU1ZA==>)

Сағлауатты өмір салтын насихаттау ғана емес нақты жұмыстар арқылы да отан үлес косу ЖОО-ның басымдығы саналады. Осы орайда отан қажетті материалдық базаны нығайту бағытында игі шаралар жүріп келеді. Мысалы, 02.02.2024 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дің «Тұмар» оқу ғимаратында жабық спорттық кешен ашылды. Салтанатты шараны айтыскер акын, «Айтыс» үйірмесінің жетекшісі Нұрғали Әнапия Әнапия арнаумен ашты. Ал, Басқарма төрағасы-ректор міндетін атқарушы, доцент, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлжан Сүгірбаева құттықтау сөз сөйледі. Акын, Халықаралық «Ағлаш» әдеби сыйлығының иегері, «Парасат», «Құрмет» орденінің иегері, III дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, қарашанырақ түлегі Ханбийі Есенқарақызы мен Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы, ҚР Құрметті спорт қайраткері, қаратә-дюдан б-дан иегері п.ғ.к., профессор, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Дархан Асаділовтың ұстазы Мұзафар Темірханов жүрекжарды лебіздерін білдірді. Аталған спорттық кешен жастарға қызмет етіп тұр.

<https://www.instagram.com/reel/C7Z1uVW5K1E/?igsh=MzRjODZlNWU1ZA==>



Ұлттық құндылықтар қатарында ұлттық спорт түрлері де бар. Осы орайда 2024ж. 20-Наурыз айында Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ арасында «Наурыз» мерекесіне арналған ұлттық спорт түрлерінен студенттер арасында жарыс өтті. Бұл жарыста спорттың 5 түрінен өткізілді (арқан тарту, ләңгі тебу, асық ату, қол күрес, кір тасын көтеру). Жарыс нәтижесінде төмендегі студенттер жүлделер және жеңімпаздар атанды:

Қол күрес:

I-орын Сарсенбай Асылжан Дене шынықтыру және спорт факультеті

II-орын Мансұр Мұқатали Дене шынықтыру және спорт факультеті

III-орын Қожабек Ернұн Дене шынықтыру және спорт факультеті

Ләңгі тебу:

I-орын Бағдат Нұрхан Жаратылыстану факультеті

II-орын Дайрабай Өркен Дене шынықтыру және спорт факультеті

III-орын Пейсебаев Дилмурат Дене шынықтыру және спорт факультеті

Асық ату:

I-орын Смайлов Рысдәулет Филология факультеті

II-орын Шамшидин Бақдәулет Физика-математика факультеті

III-орын Мұсырманкул Сапарғали Физика-математика факультеті

Кір тасын көтеру:

I-орын Амандық Асылбек Дене шынықтыру және спорт факультеті

II-орын Сәрсенбай Асылжан Дене шынықтыру және спорт факультеті

III-орын Шәріпханов Рамазан Жаратылыстану факультеті

Арқан тартыс:

I-орын Физика-математика факультеті

II-орын Филология факультеті

III-орын Дене шынықтыру және спорт факультеті

Іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланды: <https://fb.watch/slWfUfGoTv/>. Аталған мерекелік іс-шара жеңімпаздары заттай сыйлықтармен марапатталды.


Ұлттық спортты бұқара халықтың арасында да насихаттау жұмыстары жүргізіліп келеді. Атап айтқанда 2024 ж. 22-Наурызда Шымкент қаласы Н.Назарбаев даңғылында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің басқармасының қолдауымен "Тұран" спорт клубы ұйымдастыруымен бұқара халқының арасында Наурыз мерекесіне арналған ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды. Қатысушылар арқан тарту, ләңгі тебу, қол күресі, кір тасын көтеру сияқты ұлттық ойын түрлері бойынша сайысты. Ұлттық ойын түрлерінің ашылу салтанатына университет Басқарма төрағасы-ректор міндетін атқарушы Гүлжан Сүгірбаева қатысып, үміткерлерге сәттілік тіледі. Ал, жеңімпаздар арнайы сертификатпен және бағалы сыйлықпен марапатталады.

Іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланды: <https://fb.watch/slWfUfGoTv/>

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 20-наурыз 2024ж. күнгі №124 «Студенттік спорт лигасының регламентін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Студенттік спорттық лигасының талаптарына сай Оңтүстік аймақ ЖОО арасында Түркістан қаласында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазак-Түрік университетінде сәуір айының 19-22 күндері арасында баскетбол 3х3(ерлер), үстел теннисі (ерлер, әйелдер), волейбол (ерлер, әйелдер), шахмат (ерлер), тоғызқұмалақ (ерлер, әйелдер) спорт түрлерінен жарысқа университетіміздің студенттері қатысты. Жарыс нәтижелері:



1. Шахмат (ерлер) I –орын
2. Баскетбол (ерлер) II-орын
3. Тоғызқұмалақ (ерлер) III-орын
4. Волейбол (ерлер) III-орын
5. Волейбол (қыздар) III-орын

Бұл іріктеу сайысында I және II орын алған командалар «Студенттік спорт лигасының» Астана қаласы «Назарбаев университетінде» өтетін актық ойындарға жолдама алды. Олар: Шахмат (ерлер) I –орын және Баскетбол (ерлер) II-орын. Іс-шара әлеуметтік желілерде жарияланды:<https://www.instagram.com/reel/C51Lj11C7m2/?igsh=NXHl1amhrUXF1cW1>



2024 ж. 25 мамыр-1маусым күндері арасында Астана қаласы, Назарбаев университетінде ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім комитетінің ұйымдастыруымен өткізілген студенттік спорт лигасының ақтық сайыстары өтті. Ақтық сайысқа университетіміздің Шахмат (ерлер) және Баскетбол 3х3 (ерлер командасы) қатысты. Әр спорт түрінен еліміздің түкпір-түкпірінен 52 ЖОО командалары қатысты. Өле шиеленісті өткен додада Университетіміздің баскетбол 3х3 ерлер командасы топтан шығып плей-оф кезеңінде ғана сүрінді. Нәтижесінде Сотов В.В. баптаған біздің студенттер 6-орынды несие тұтты.

Ал шахмат сайысында ерлер командасы жүлделі орыннан бір кадам жете алмай 4-орын алды. Есесіне ерлер арасында жекелей сайыста Тұрдалиев А.Т. және Яхьяев А. баптаған Университетіміздің физика-математика факультеті 1504-23 оқу тобының студенті Равил Пернехан Ерланұлы 3-орын иеленді.



6.8 Жастар бастамаларын қолдау бағытында 2023-2024 оқу жылында жоспарланған 34 іс-шара болса, 58 шара орындалды, Жоспардан тыс 24 іс-шара өткізілді.

ОҚПУ Тәрбие жұмыстарында тулғаны қалыптастыру басты назарда. Оның ішінде жастар арасындағы еріктілердің (волонтер) игілікті бастамаларына үнемі басшылық тарапынан қолдаулар көрсетіліп келеді. Бұл орайда жастардың рухани, кәсіби, бәсекеге қабілеттілік сапаларын арттыруға бағытталған жұмыстарына, бастамаларына ерекше назар аударылды. Бұл бағыттардағы іс-шараларда жастардың республикалық деңгейлердегі іс-шараларға қатысуынан бастап, өз ойларын қоғам алдында ашық айта білу машықтарын қалыптастыру мен белсенді болуға, елдің қамын ойлауға ынтықсын ояту мақсаттары көзделеді. ОҚПУ-де сондай деңгейлердегі жұмыстарды бірлесе атқаруға да жағдайлар жасалған. Мысалы, Жастар арасында студенттік үйлерінде «Бір толқында» атты ән кештері өтті. 9 желтоқсан – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күніне орай «IQ Zhastar» зияткерлік сайысы сияқты маңызды іс-шаралар өтті. Биылғы оқу жылында факультеттер бойынша атқарылған жұмыстар көрсеткіші 6 кестеде көрсетілді.

6 КЕСТЕ:

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан атқарылған жұмыстар саны	тыс
1	Физика – математика	2	2	0	
2	Жаратылыстану	4	4	0	
3	Филология	7	10	3	
4	Тарих және педагогика	10	12	2	
5	Өнер және білім	4	8	4	
6	Дене шынықтыру және спорт	7	22	15	
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	34	58	24	

Студент жастарды жоғары оқу орнында бір ұжым ретінде сезінудері мен мерекелік көңіл күйлер сыйлау мақсатында да бірқатар мәдени-тәрбиелік іс-шаралар жүргізіліп келеді. Соның ішінде Халықаралық студенттер күні мен университеттің 1 курс студенттерін студент атануымен құттықтау, олардың өзара сыйлы қарым-қатынастарын орнықтыру мақсатында 08.11.2023 ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде «Жана кадам» атты арнау кеш өтті. Салтанатты сауық кешін университеттің Басқарма төрағасы-ректор Гүлжан Сүгірбаева құттықтау сөзбен ашты. Концерттік бағдарлама университет өнерпаз студенттерінің қатысуымен өтті. Сахна шымылдығы дене шынықтыру және спорт факультетінің 2 курс студенті Мұхаммадұлы Даниялдың орындауындағы «Jana qadam» әнімен ашылды. Хореограф, би үйірмесінің жетекшісі Ергебекова Ләззаттың жетекшілігімен «Тұмар», «Astero» би ансамбльдерінің заманауи би көрермендердің көзайымына айналды. Қалыбек Рахат пен Төлбай Естайдың орындауындағы «Өзгеріс» әні, филология факультетінің 1 курс студенті Сәрсенбай Айғанымынның орындауындағы «Келемін саған» әндері де жастық жарасым тапты. Кеш көрігін Қазақстан эстрада жұлдызы Дастан Оразбай одан ары қыздырып жастарға жақсы көңіл - күй сыйлады. Іс-шараға қолдау жасаған ЖОО басшылығына студенттер тарапынан ризашылдық сөздер айтылып, олар тарапынан өздерінің алған әсерлері туралы әлеуметтік желілерде бөлісті.



https://www.instagram.com/p/Czau1sTprNw/?igsh=aWpsdmlhulNhlqeno1&img_index=1

25.12.2023ж. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті жылды нәтижелі жетістіктерімен қорытындылаған күннің бірі болды. Сол күні университеттің Әнер және білім факультеті, Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының «Ақбаян» сән театры «JanyregimKazakhstan» халықаралық фестивалінен екі бірдей бас жүлде мен бірінші орынды жеңіп алды. Аталмыш байқауға сән театры «Сұлу сылқым», «Жігерлі жастар», «Қылықты арулар» киім дизайны топтамасын ұсынды. Атап айтқанда, Марат Ерімбетов, Надира Мынбаева, Жәмила Ерназарованың жетекшілігімен көрсетілген авторлар туындысы көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Жәнімпаздарымыз ұйымдастырушылардың арнайы алғыс хаттарымен марапатталды.



<https://www.instagram.com/p/C1Rk1A4t48K/>

15.04.2024 ж. күні де біздің таланттарымыз топ жарды. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Тұмар» би ансамблі ХҰ Ұлттық Дельфий ойындары өңірлік кезеңінде жүлделі 3-орынды жеңіп алды! Сайысқа Түркістан, Тараз, Шымкент қалаларының сайдың сақа тасындай мыңбұралған бишілерінен құралған барлығы 42 үміткер қатысты. Бұл жеңістің ерекшелігі — педагогикалық мамандықта оқитын арулардан құралған «Тұмар» тобы кәсіби бишілерден оқ бойы озық көрінді. Жетекшісі — белгілі хореограф маман Ләззат Ергебекова. Жәнімпаздарды университет Басқарма төрағасы-ректор міндетін уақытша атқарушы Гүлжан Сүгірбаева қабылдап, сәттілік тіледі. «Тұмар» би тобына былтыр жаңа костюм тіккізіп бердік, әлем өнер арқылы әдемілікке, әсемдікке ұмтылады. Алдағы уақытта да қолдауға дайынбыз және халықаралық жарыстарды бағындыра берініздер» деп алғыс білдірді Гүлжан Дәулетбекқызы.

Ф7.01-04



<http://www.jahonbekov.edu.uz/ru/2022/01/19/>

6.9 Ақпараттық-насихаттау жұмысы.

ЖОО-да атқарылған жұмыстарды ақпарат көздері арқылы насихаттау мен жастардың өз ойларын дұрыс көпшілікке жеткізе білу, жалпы көпшілікті тәрбиелік маңызды жолдары игілікті істерге тартуда ақпараттық насихаттық жұмыстардың орны ерекше. Бұл бағытта кез келген тәрбиелік жұмыстарды әлеуметтендіру мақсатына сай жұмыстар факультеттер мен тәрбие құрылымына қатысты бөлімдер арқылы үнемі, әрі тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Мысалы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Медиа орталығы мәліметтеріне сай Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті 2023-2024 оқу жылында 1 қыркүйек – 31 мамыр аралығында 656 жарияланым (публикация) жарияланды. Соның ішінде университеттің ресми әлеуметтік желі (facebook, instagram) парақшаларындағы саны:

Мәтіндік посттар – 514.

Бейнероликтер – 56.

Афиша – 31.

Құттықтау постері – 14

Ректордың атынан шыққан мәтіндік посттар саны – 41.
Құттықтаулар - 11.

Жергілікті ТВ – 55 сюжет, сұхбат

Республикалық ТВ – 16 сюжет.

Жергілікті газет, журнал – 44 мақала.

Республикалық газет, журнал – 20 мақала жарияланды.

Соның ішінде жалпы факультеттер бойынша осы бағыттағы атқарылған жұмыстардың сандық көрсеткіші төмендегі 7-ші кестеде берілді.

7 КЕСТЕ.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан атқарылған жұмыстар саны	тыс
1	Физика - математика	2	2	0	
2	Жаратылыстану	4	5	1	
3	Филология	5	5	0	
4	Тарих және педагогика	4	6	2	
5	Өнер және білім	3	5	2	
6	Дене шынықтыру және спорт	2	8	6	
7	Жалпы ОҚПУ бойынша	20	31	11	

Қоғамдық кәсіптер дауырау орталығының үйірмелеріне қатысатын студенттер саны

№	Үйірменің аты	Студент саны		
		Спорт секцияларына қатысатындар	Шығармашылық үйірмелерге қатысатындар	Мүдделестер клубында айналысатындар
1	Тігін үйірмесі		10	
2	Дефиле үйірмесі		36	
3	Айтыс үйірмесі		8	
4	Домбыра үйірмесі		10	
5	Би үйірмесі		8	
6	Аспаптар жасау үйірмесі		21	
7	Эстрада үйірмесі		11	
8	Фотоөнер үйірмесі		9	
9	Мобилография үйірмесі		10	
10	Бейнелеу өнер үйірмесі		14	
11	Колөнер үйірмесі		15	
12	Жайдарман КТК		Вакант	
	Барлығы		152	

Білім алушылардың үйірме және түрлі қоғамдық жұмыстары (Тіркеме № 39, 40).

№39 тіркеме

Кафедраға тиесілі жалпы студент саны	Оның ішінде			Қорытынды саны
	Спорт секцияларына қатысатындар	Шығармашылық үйірмелерге қатысатындар	Мүдделестер клубында айналысатындар	
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша-528	72	83	37	192

Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша-360	36	108	21	165
Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша-1341	126	150	48	324
Математика мұғалімін даярлау-200	1	1	0	2
Физика мұғалімін даярлау 96	0	0	0	0
Информатика мұғалімін даярлау 137	0	0	0	0
Математика-физика мұғалімін даярлау 184	2	1	0	3
Математика-информатика мұғалімін даярлау 72	0	1	3	4
Физика-информатика мұғалімін даярлау 92	0	0	0	0
Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы 555 студент	4	1	-	5
Психология кафедрасы – 67	22	19	11	52
Әлем тарихы және дінтану кафедрасы - 163	7	3	-	10
Педагогика кафедрасы - 304	56	38	24	118
Денешындықтыру және спорт мұғалімін даярлау 1247	639	10	4	653
Биология кафедрасы бойынша: 275	8	10	10	28
География кафедрасы бойынша: 143	10	7	6	23
Химия кафедрасы бойынша: 292	11	40	15	66

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және окыту педагогикасы БББ бойынша-163	3	10	8	21
Музыкалык білім ББ бағдарламасы бойынша-205	17	50	12	79
Кәсіптік окыту және бейнелеу өнері БББ бойынша- 344	15	55	20	90
Жалпы саны	1029	587	219	1835

Кестеде көрсетілгендей орта есеппен 2023-2024 оқу жылында студенттердің 25 % астамы түрлі спорттық секциялар мен шығармашылық үйірмелерге тартылды. Бірақ бұл толық мүмкіндіктерді байқатпайды. Физика-математика факультеті мамандықтары (*Математика мамандықтарындағы жалпы саны 200 студенттен 2 студент, физика 96-0, Информатика 137-0, физика-информатика – 92-0, математика-физика 184-3 студент ғана қатысқан*) мен Тарих-педагогика факультетінің («*Бастауышта окыту методикасы*») мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер саны *555 болса тұрса да, қатысушылар саны небәрі 5 студент, Тарих-дінтану -167-10 студент қатысқан*) Алда тек онтүстіктегі ғана емес жалпы республикадағы педагог мамандар даярлайтын бірден бір «қарашанырақ» ЖОО ретінде ұлттық құндылықтарды одан ары бойынша сіңірген ұстаздар даярлауды одан ары тереңдетуді көздеп отырмыз. Бұл бағытта атқарылып келген тәжірибелерге сүйене отырып ғылыми-педагогикалық бағыттағы жалпы білім беретін «Дәстүртану» пәнін әзірлеу бойынша жобаларға белсене қатысу, оған Өзбекәлі Жәнібеков мұраларынан негіздер беру бағытында жұмыстар жүргізудің маңызы зор. Сонымен бірге ұстаз маман барлық жерде зиялы қауым өкілі екенін ескере отырып, «...нағыз казак - домбыра» деген қағидатты ұстана келе барлық мамандықтарда білім алатын жастардың домбыра үйрену машықтарын кен көлемде өрбіту бойынша стратегиялық мақсаттар бойынша университет басшылығына арнайы ұсыныстар берілу көздепуде.

Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, университеттік конкурстардың жеңімпаздары туралы мәліметтер (байқаулар, жарыстар, олимпиадалар)

№40 тіркеме

р/с	Факультет бойынша	Халықаралық	Республикалық	Облыстық	Қалалық	Университеттік	Қорытынды саны
1	Филология	2	8	-	3	-	13
2	Физика-математика	1	4	1	3	2	11
3	Тарих және педагогика	1	14	-	8	6	29
4	Дене шынықтыру және спорт	126	262	226	265	119	998
5	Жаратылыстану	1	6	-	-	1	8
6	Өнер және білім	13	29	3	12	5	62
	Жалпы саны	144	323	230	291	133	1121

6.11 Қорытынды, ұсыныстар

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі Тәрбие және әлеуметтік салада атқарылған жұмыстары салалық министрлікке қарасты департаменттердің тапсырмаларын орындау, мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен біріккен тәрбиелік жұмыстарға ОҚПУ студенттерінің көптеп қатыстырылуы есебінен жоспардан артық орындалды. 2023-2024 оқу жылында университетке Өзбекәлі Жәнібеков есімінің беругіне орай «Жәнібеков» орталығының материалдық базасын одан ары жабдықтау мен тұлғаның есімін таныстыру бағытында іс-шаралар саны мен сапасы артты. Бұл орайда ЖОО-ның басшылығы тарапынан материалдық-техникалық жабдықтауда (музыкалық апаратураның жанарту, архивтерге іс-сапарға жіберу т.б.), рухани-тәрбиелік маңызы үлкен «Шаньрақ» ғимаратына Ө.Жәнібеков пен Ж.Аймауытовқа қатысты ескерткіш тақтаның орнаттылуына, мәдени-шығармашылық тұлғалармен, ғалымдармен, мемлекет қызметкерлерімен кездесулерді жоғары деңгейде өтулеріне т.б. қолдауларының Ф7.01-04

болуы тәрбие жұмыстарының жандануына игі ықпал етті.

Тәрбие жұмыстарының жоспардан артық орындалғанына қарамастан олардың арасында өте сапалы орындалғандары да, кейбір сапалы өткізуді қажет еткен жұмыстарда кездесті. Жалпы алғанда «қанағаттанарлық» деңгейде деп бағалауға келеді. Тәрбиелік іс-шаралардың саны мен сапасының арта түсуі ұжымның бірлескен ортақ жұмыстарының нәтижесінде мүмкін болып отыр. Жалпы алғанда тәрбиелік және әлеуметтік салалар бойынша күрделі кемшіліктерге орын берілмеді. Ол жұмыстардың нәтижелігіне басшылықтың қолдауы, ЖОО құрылымдық өзгерістерге сай тәрбие бағытында аталған саланың жауапкершілігіне тікелей қатысты. Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің құрылуы және ең бастысы ОПК мен жастардың білімі мен мәдениеттілік деңгейлерінің өзара ұштасуы мүмкіндік берді деп санаймыз. Дегенмен жетістіктер мен қатар кейбір кемшін және қауіпті тұстар да байқалды. Оның негізгілерін төмендегі жиынтық талдамада көрсете отырып, алдағы уақыттарда шешімін табуы тиіс мәселелер бойынша ұсыныстар берілгенді.

ОҚШУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті жұмысының тұтастығы мен толықтығын бағалау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>- «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» департаменті жылдық жұмыс жоспарына сай және тәрбие бағытындағы жұмыстарды атқаруда университеттің ОПК педагогикалық және тәжірибелік әлеуетінің жоғары болуы;</p> <p>- ОПК мен білім алушылардың түрлі деңгейлердегі (республикалық, қалалық, ЖОО-дағы) тәрбиелік, кәсіби үйірмелік, спорттық секциялар мен өзге де іс-шараларға қатысу мүмкіндігінің жоғарылығы;</p> <p>- Тәрбие жұмыстарын жүргізуге қажетті материалдық-техникалық құралдардың жабдықталуының жоғары деңгейі мен</p>	<p>- ОПК Тәрбие бағытында ЖОО көлеміндегі және мемлекеттік гранттық ғылыми жобаларға қатысуға ғылыми жобалар мен тәрбие жұмысы сапасын жоғарылату бойынша әдістемелік құралдарды ұсынуы деңгейінің төмендігі;</p> <p>- Тәрбие бағытындағы жұмыстарды жандандыру бойынша жұмыстарда ОПК тек бүгінгі КРІ жүйесіндегі белгілі бір «балл» берілген тапсырмаларды орындаумен шектелуі, жеке белсенділікке ұмтылуының төмен деңгейі.</p>

мүмкіндіктердің молдығы.

Мүмкіндіктері	Қауіптілігі
<p>- Ө.Жәнібеков атындағы ОҚТУ ұлттық тәрбиенің салалары бойынша еліміздегі, оның ішінде Түркістан облысы, Шымкент қаласындағы ЖОББМ үшін жетекші ЖОО болу мүмкіндігі өте жоғары. Бұл бағытта Түркістан облысы Ардагерлер кеңесімен «Әкелер мектебі» жұмысы мен «Дәстүртану» бағыттары бойынша біріккен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі бар;</p> <p>- Ұлттық тәрбие беруде тарихи тұлғатанулық бағыттарда тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру мен ғылыми зерттеулер үшін материалдық базаның талаптарға сай келуі (Ө.Жәнібеков орталығы базасы) және интеллектуалды жастардың көптігі мен жалпы Ө.Жәнібековтің өмірі мен қызметіне деген қоғамдық қызығушылықтың артуы;</p> <p>-Тәрбие саласындағы жұмыстарда ұлттық идеологияның қайнарларынан сусындатуға бағытталған игілікті бастамалар республикалық және қалалық деңгейлерде жоғарылату жұмыстары қолға алына бастауы;</p> <p>-ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі әзірлеп жатқан «Тәрбие Тұжырымдамасы» жобасына қатысуға ОПК мүмкіндіктерінің бар болуы;</p> <p>-Рухани мұралар санатындағы Қазақ батырлар жырларының</p>	<p>- Жастар арасында жекеленген ішкі тәртіп ережелері мен «академиялық адалдық» қағидағтарын бұзушылық белгілерінің байқалуы;</p> <p>- Білім алушыларға іСРА балл жинау бойынша мағұлматтарының толыққанды берілмеуі;</p> <p>- Кейбір факультеттерде (<i>Физика-математика, Тарих және педагогика факультеттері</i>) студенттерінің ЖОО түрлі спорттық, шығармашылық бағыттардағы үйірмелерге қатысу деңгейінің төмендігі;</p> <p>- Діни атрибуттық сипатқа ие киім үлгілерін киетін қыз балалардың санының артуы;</p> <p>-Мемлекет деңгейінде «Ұлттың Рухани жанғыруы» бағытында кешенді бағдарлама жасау мен қаржыландыру көздерінің жабылуының нәтижесінде жалпы жастар арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге кері әсері;</p> <p>- Еліміздегі су тасқынына байланысты кейбір жоспарлы жұмыстардың нәтижелі аяқталуына объективті кедергілердің болуы.</p>

электронды нускаларынын топтамасы мен тўлгатанулык және руханият саласындағы деректі фильмдер қорымен толық танысу мүмкіндігі мол.


Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ Тәрбие бағытындағы жұмыстарын жетілдіру бойынша 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі бойынша шешімдер мен ұсыныстар:

1. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 2023-2024 оқу жылындағы Тәрбие бағытындағы жұмыстар туралы жылдық есебі «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
2. Университетте болашақта әрбір студенттің әлеуметтік жиынтық іСРА баллын енгізу мен есептеуді жеделдетуді қолға алу.
3. Жаңа оқу жылынан бастап барлық оқу топтарындағы студенттердің домбыра тарту машықтарын қалыптастыру мақсатында «Домбыра» үйірмесінің жұмысына тартуға бағытталған жұмыстар кешенін жоспарлау.
4. Мәдени және спорттық іс-шараларды сапалы өткізу мен ОҚПУ имиджін жоғарылату, ұлттық құндылықтарды дәрiптeу, насихаттау мақсатында «Тұмар» би тобына ұлттық киімдер комплектісін тіктіру.
5. «Өзбекәлі Жәнібековтану» бағытындағы арнайы курсты енгізуге әзірлікті аяқтап, республикалық деңгейде студент жастар арасындағы «Ө. Жәнібеков жүлдесі» үшін дәстүрлі Айтыс ұйымдастыру.

6. Ұлттық спорт түрлерінен «Жәнібеков атындағы турнирлер» ұйымдастыруды жоспарлау.

7. Университетіміздің спорттық құрама командамыздың спорттық киімін жаңарту.

Есепті әзірлеген:

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты»
департаменті директоры, т.ғ.к., доцент м.а.:  Анарбаев Қайрат Сапарханұлы

Жылдық есептің цифрлық материалдарын жинақтауға жауапты маман:  Ж.С.Жундибаева
Телефон: 87054349032

ОҚПУ-дың 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие және студент жастардың әлеуметтік мәселелеріне қатысты атқарылған жұмыстарының жылдық есебі ОҚПУ Ғылыми Кеңесінің «21» маусым 2024 ж. күнгі №14 мәжілісі күн тәртібінде қарастырылып қабылданды.

Ғылыми Кеңес төрағасы:

Ғылым хатшы:

Ф7.01-04

